

5 сәуір,  
Сейсенбі,  
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

# Ойыл

## ОЙЫЛ ТОЛЫП КЕЛЕДІ АРНАСЫМЕН...

ОЙЫЛ ӨЗЕНІ ОРТАЙЫП БАРА ЖАТСА ДА ӨЗІРГЕ ЕЛ ӨЗЕГІН ЖАЛҒАУҒА ЖАРАП ТҮР. КӨКТЕМДЕ ЕРІГЕН ҚАР СУЫ ҮЗІЛГЕН ӨЗЕНГЕ ДЕМ БЕРГЕНІМЕН СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ ӨЗЕН МҮЛДЕ ТАСЫМАДЫ. ОҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ТҮРҒЫНДАР КҮӘ. ТАБИҒАТТЫҢ МҮНДАЙ ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫСЫНА ТОҚТАУ БОЛАР, ТІПТІ ҚОЛДАН КЕЛЕР ӨРЕКЕТІМІЗ ҚӘНЕ?! ӨРЕКЕТІМІЗ ӨЗЕН ЖАҒАЛАУЛАРЫН ТАЗА ҰСТАП, ҚАМЫС-ҚОҒАНЫ ШАБУМЕН ШЕКТЕЛІП ТҮР. СОНДАЙ-АҚ, МАРДЫМСЫЗ БОЛСА ДА, БҰЛАҚТАРДЫҢ КӨЗІН АРШУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЗҒАЛЫС БАР. ОДАН БАСҚА ҚОЛДАН КЕЛЕР ҚАЙРАН ЖОҚ. ШЫЛАУ БАСЫП, БАТПАҚҚА АЙНАЛҒАН КЕЙ ТҮСТАРДЫ ТАЗАЛАУҒА ШАМА БАР МА? АДАМ ТҮГІЛІ ҚОЛДА БАР ТЕХНИКАНЫҢ КҮШІ ЖЕТПЕЙДІ. СОНДЫҚТАН БҰЛ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ҒАНА ЕМЕС, РЕСПУБЛИКА ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚОЗҒАЛУДА.



Әлеуметтік желіде желдей есіп, бөгеттер туралы тарап жатқан ақпараттар да жоқ емес. Өйтсе де оны арнайы зерттеу үшін құрылған комиссия бар. Көзбен көріп, куә болып жүргендер бөгеттің барын жоққа шығармайды. Десе де бөгеттердің көбісі өзінен дәуірден қалған ескі бөгеттер. Су таси қалған жағдайда тасқынды ұстап қалуға бөгеге бола алмайды. Алайда арнайы комиссияның зерттеулеріне сүйенсек, Ойыл өзенінің бастауында өзенді бөгеп отырған ірі-ірі шаруашылықтар бар деген дәлелімен келісетін де тұстар көп. Осы тұста көршілес жатқан Қызылқоға ауданының еріктілері белсенді қызмет қылады. Себебі 800 шақырым жерге созылатын Ойыл өзенінің соңғы сағасы Қызылқоға ауданына дейін барып, Тайсойған құмына сіңіп кетеді. Бір кездері өткел бермейтін өзен соңғы жылдары Қызылқоғаға мүлде бармады десек артық айтқандай емес. Арнасы кеуіп, қуаңшылық белең алды. Елге, жерге жаны ашытын азаматтар бұл мәселені жоғары деңгейде көтеріп жүр. Іргелес жатқан қос ауданның жанайқайын естіріп құлақ өзирге аз болып тұр! Бұған дейін өзен суымен несібесін арттырып келген ағайынның қазіргі мәселесін

шешіп, нәтиже шығармаса да бұл күні жоғары билік тарапынан өйтіуір қозғалыс бар. Қозғалыс болғанда өзенді қалпына келтіруге қаражат қарастыру, зерттеу, зерделеу жұмыстарын қолға алу сынды жұмыстар. Осы проблеманы шешу мақсатында елдің бас көтерер азаматтары мен туған жердің патриоттары әлеуметтік желіде жазбалар қалдырып, түрлі деңгейде өзенді құтарып қалудың жолын іздеп дабыл қағып жүргені жасырын емес. Биыл міне көптің тілеуі қабыл болып, өзен жағалаған халықтың көз жасын көріп, «естітіндерден» бұрын тілегін бірінші «жоғарыдағы кісі» естіп қалып, көбесі сөйлеген қарды күрт ерітіп, айналдырған үш күнде аспаннан астын теңізге айналдырды. Сонымен қатар, суға кету қаупі бар ауылдардың қатары көбейді. Айта кетсек, Көптоғай ауылдық округіне қарасты Амангелді елді мекені қыр басынан қуалап келіп, ауылдың ішімен өтіп жатқан суды ауыздықтай алмай отыр. Үйім суға кетіп қала ма деген ауыл тұрғындарының үрейі өлі де сейіле қоймады. Сол секілді, Сарыбие ауылдық округіне қарасты Қаракөл елді мекенінде де ауылды су басу қаупі бар. Көп жерлерде көтерме жолдардың үстімен су өтіп, шағын суағар-

лардың бұзылу көріністері белең алуда. Лиманды жерлерге су шығып, шаруа бақандарды қуантып отыр. Өзен суы да бұрынғы жылдармен салыстырғанда қардың суыменәк толысып, арнасын толтырып тұр. Енді өзен тасыса ырысымызды еселей түсері шүбәсіз. Өңгіміміздің өл-қиссасында айтқанымыздай, табиғат тылсым сыры адамзатты таңырқатпай қоймасы анық. Демек, қожанасырлау қазақтың айтқанындай, «Құдай берейін десе, терезеден де береді» дегеннің астарында да бір ақиқаттың жатқаны рас. P.S. Ойыл ауданы бойынша төтенше жағдайлар бөлімі бізге мынадай деректер ұсынып отыр. Ойыл ауданы бойынша су тасқыны кезеңінде (қардың еру салдарынан үй-жайларға су кіру қаупі және автокөлік жолдарына судың шығу деректер бойынша) ағымдағы жылы 17 хабарлама тіркелді (Ойыл селосы -10, Көптоғай а/о-2, Қаракөл ауылы-1, Ақкөмер ауылы-1, Ойыл-Ақшатау автожол-1, Ойыл-Қараой автожол-1, Ойыл-Көптоғай автожол «Шоқыбай»-1). Осы деректер бойынша 860 м3 су шығарылды, 345 құммен қапталған қапшықтар қар суын тоқтату үшін қойылып, қауіп жойылды.

Қазіргі таңда аудан бойынша 2 100 м3 қар шығарылды, 55 жол асты су өткізгіштер құбырлары, 3 шақырым су ағар арығы тазартылды. Сонымен бірге ауылдық округтардағы елді мекендерде жергілікті атқарушы орган шаруа қожалықтармен бірлесіп табиғи су ағарларды тазарту жұмыстары жүргізілуде. Ауданда су тасқынына (Ойыл өзені тасу салдарынан) ықтимал 3 елді мекен (Екпетап, Қаратал, Қарасу) қауіпті аймаққа жатады. Жалпы 321 тұрғын үй бар, халық саны 1891 адам. Барлық тұрғын үйлер араланып су тасқыны кезінде іс-қимылдар жөнінде нұсқаулықтар беріліп, ескертпе парақшалар таратылды. Жергілікті атқарушы органмен су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын-алу және жоюға 11 тонна жанар-жағар май, 3000 дана қапшық, 5 қайық, 13 су сору мотопмалпар, 40 тонна инерти материалдар дайындалды. Техникалардан 1-погрузчик, 8-МТЗ-82, 2-ассенизатор, 1-газель, 1-автомобиль, 2-УАЗ дайындыққа келтірілді. Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

## АҚПАРАТТЫҚ ТОП ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕРДІ ТҮСІНДІРДІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАЛҒАН «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНА ОРАЙ ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗҒА ЖОЛДАУДЫ ТҮСІНДІРУ, ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТОП ӨКІЛДЕРІ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН КЕЛДІ. ЕҢ АЛДЫМЕН АУДАН ӨКІМДІГІНДЕ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ. ОДАН СОҒ «ЭНЕРГОСИСТЕМА» ЖШС-НІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ БӨЛІМШЕСІНІҢ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Түстен кейін ақпараттық топ өкілдері Саралжын ауылдық округіне қарасты Бестамақ елді мекенінің тұрғындарымен кездесіп, анонимді түрде сауалнама жүргізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталығының директоры Нұрлыхан Хасенов жолдаудың негізгі міндеттерге тоқталды. Жолдаудың маңыздылығы мен даму бағытында елдің өр азаматының өлеуіне жақсарту, бірқатар тың өлеуіне меттік бастамаларды көтергенін, оны бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ел болып жүзеге асыру бәріміздің міндетіміз екенін жеткізді. Ал, Ақтөбе облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының қызметкері, медиа маман Қуат Әбілқайыр мобильдік құрылғыларды,

интернет желісін дұрыс қолдану керектігін түсіндіріп өтті. Ақпараттық-насихат топ мүшелері халықпен кездесу барысында жолдаудың басым бағыттары және ел дамуына қосатын үлесі зор екені айтылып, көкейкесті мәселелерге заң аясында жауап берді. Өрі қарай тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың бірі саясат жөнінде сөз қозғалса, бірі ұсыныс-тілектерін білдірді. Қазіргі уақыттағы бағаның өсуі, сонымен қатар өйел адамдардың зейнеткерлікке шығу жасын төмендетуге ұсыныс білдірді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

## СЕССИЯ БЮДЖЕТТІ «ТОЛЫҚТЫРЫП», БІРҚАТАР МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАДЫ



Наурыздың соңғы күндері аудандық мәслихаттың кезекті он бірінші сессиясы өтті. Сессияға аудан өкімі Асқар Қазыбаев, аудандық округ өкімдері және бөлім басшылары қатысты. Күн тәртібіне ұсынылған мәселелер - Қазақстан Республикасының «Жайылмалар туралы» Заңын ауданда жүзеге асыру туралы, Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі №458 «Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттардың күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің ауданда жүзеге асырылуы туралы аудан өкімі орынбасары Саян Сулейменов баяндаса, аудандық мәслихаттың 2021 жылы атқарған жұмысы туралы аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин хабарлама жасады. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №95 «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту

туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Қайнар Ұлықпанов хабарлама жасап, аудандық мәслихат депутаты Бақыт Ескалиева Қаракемер ауылын ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін қосымша скважина қазу туралы депутаттық сауал жолдады. Екі күн үзіліспен жалғасқан сессияда негізінен аудандың селолық округтерінің бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібіне көтерілген мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды. P.S. Ауа-райы мен жол қатынасына байланысты сессия жұмысына бірқатар депутаттар мен ауылдық округ өкімдері онлайн режимінде қатысты.

## ҮНДЕУ

«Прокуратура туралы» Заңының 31-бабының тәртібімен ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Соңғы уақытта облыс кәсіпорындарындағы еңбек даулары жиіленіп кетті. Көбінесе олар стихиялық ереуілдерге көшеді. Әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарды қанағаттандыру мақсатында қызметкерлер ереуіл жариялауға құқылы. Алайда, бұл үшін татуластыру рәсімдерінің кезеңдерінен өту керек, өйтпесе ереуіл заңсыз деп танылады. Осыған байланысты, ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған Еңбек кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) реттелетінін түсіндірміз. Осылайша, жұмыс беруші үш жұмыс күні ішінде қызметкерлердің қойған талаптарын қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Оларды шешу мүмкін болмаған кезде өз шешімдері мен ұсыныстарын (жазбаша түрде) қызметкерлерге жеткізу (кодекстің 163-бабының 2-бөлігі). Бұдан өрі дау татуластыру комиссиясында (жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде) шешілуі тиіс. Бұл тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган. Татуластыру комиссиясы дауды шешу процесінде қызметкерлермен, жұмыс берушімен және басқа да адамдармен консультация жүргізеді. Комиссияның шешімі тараптардың келісімі негізінде қабылданады, хаттамамен ресімделеді және тараптар үшін міндетті күші болады. Татуластыру комиссиясының мүшелері келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмыстан босатылады. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы татуластыру рәсімдерінде қатысудан жалтаруға құқылы емес екенін атап өтеміз. Татуластыру комиссиясында

келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал тараптар дауды шешу үшін өкімдік өкілдерін (мемлекеттік еңбек инспекторын) тарта отырып, еңбек тәртілін құрады (Кодекстің 165-бабының 6-бөлігі). Еңбек тәртілі мүшелерінің саны, оның құрамы және еңбек дауын қарау тәртібі тепе-теңдік негізде тараптардың келісімімен айқындалады (бұл ретте еңбек тәртілі кемінде бес адам болуға тиіс). Татуластыру комиссиясының мүшелері жұмыскерлердің қаралып отырған талаптарын бойынша еңбек тәртілінің құрамына кіре алмайды. Еңбек тәртілінің шешімі жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және орындау үшін міндетті болып табылады. Төрелік реттемеген мәселелер бойынша соттарға жүгіну қажет. Бұл ретте жұмыс берушінің немесе прокурордың өтініші бойынша тиісті рәсімді сақтамай ереуіл өткізу тек сотпен заңсыз деп танылуы мүмкін. Бұл тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган. Татуластыру комиссиясы дауды шешу процесінде қызметкерлермен, жұмыс берушімен және басқа да адамдармен консультация жүргізеді. Азаматтарды қолданыстағы заңнама нормаларын мұлткісіз сақтауға, арандатушылыққа бой алдырмауға және заңсыз ереуілдерге қатыспауға шақырамыз. Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады. Ақтөбе облысының прокуроры М. ҚАЙБЖАНОВ

## ОБРАЩЕНИЕ

в порядке статьи 31 Закона «О прокуратуре» УВАЖАЕМЫЕ ГРАЖДАНЕ!

В последнее время участились трудовые конфликты на предприятиях области. Нередко они переходят в стихийные забастовки. В целях удовлетворения социальных-экономических и профессиональных требований работники вправе объявить забастовку. Однако для этого необходимо пройти этап примирительных процедур, иначе забастовка будет признана незаконной. В этой связи, разъясняем, что порядок рассмотрения коллективных трудовых споров регулируется Трудовым кодексом (далее – Кодекс), который принят 23 ноября 2015 года. Так, работодатель в течение трех рабочих дней обязан рассмотреть выдвинутые работниками требования и принять меры для их разрешения. При невозможности их разрешения довести свои решения и предложения (в письменном виде) до работников (ч.2 ст.163 Кодекса). В дальнейшем спор должен разрешаться в примирительной комиссии (в срок до семи рабочих дней). Это орган, создаваемый совместным решением сторон на паритетных началах. В процессе разрешения спора примирительная комиссия консультируется с работниками, работодателем и другими лицами. Решение комиссии принимается на основе соглашения сторон, оформляется протоколом и имеет для сторон обязательную силу. Члены примирительной комиссии на время участия в переговорах освобождаются от работы с сохранением заработной платы. При этом отмечается, что ни одна из сторон не вправе уклоняться от участия в примирительных процедурах. При недостижении соглашения в

примирительной комиссии ее работа прекращается, а для разрешения спора сторонами создается трудовой арбитраж (ч.6 ст.165 Кодекса), с привлечением представителей акимата (государственного инспектора труда). Количество членов трудового арбитража, его состав и порядок рассмотрения трудового спора определяется соглашением сторон на паритетной основе (при этом трудовой арбитраж должен быть не менее пяти человек). По рассматриваемым требованиям работников члены примирительной комиссии не могут входить в состав трудового арбитража. Решение трудового арбитража принимается не позднее семи рабочих дней простым большинством голосов членов арбитража и является обязательным для исполнения. По вопросам, неурегулированным арбитражем необходимо обращаться в суды. При этом по заявлению работодателя или прокурора только судом проведение забастовки без соблюдения соответствующей процедуры может быть признано незаконной. В этом случае за принуждение и призывы к продолжению участия в забастовке, признанной судом незаконной предусмотрена уголовная ответственность с лишением свободы на срок до 3-х лет (статьи 157 и 402 УК). Призываем граждан неукоснительно соблюдать нормы действующего законодательства, не поддаваться на провокации и воздержаться от участия в незаконных забастовках. Правоохранительные органы будут пресекать любые правонарушения, пресекающие на установленном порядке, общественную безопасность, а также принимать предусмотренные законом меры по их недопущению. Прокурор Актюбинской области М.КАЙБЖАНОВ

## ТАҒАЙЫНДАУ

Аудан өкімі А.Қазыбаевтың 2022 жылғы 30 наурыздағы №71 өкімімен Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы «Ойыл аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына арнайы тексерудің нәтижесін алғанға дейін міндетін уақытша атқарушы болып қабылданды.



### Өмірбаяны

Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы - 1976 жылы 14 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 1998 жылы Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінің «Тарих» мамандығын, 2016 жылы Қазақ-орыс Халықаралық университетінің «Қаржы» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2005-2017 жылдары аралығында Ойыл ауданы өкімі аппаратының бас маманы қызметінен бастап, кейіннен аудан өкімі аппаратының басшысы қызметінде, 2018-2019 жылдары Ақтөбе облысы өкімі аппаратының бақылау және құжаттамалық бөлімінің бас маманы, Ақтөбе облысы өкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық және талдау бөлімінің бас инспекторы, 2019-2020 жылдары Ақтөбе облысы ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары, Ақтөбе қаласы өкімінің көмекшісі, Ақтөбе қаласы өкімі аппаратының басшысы қызметтерінде абыройлы қызмет атқарды. 2020 жылдың 9 қазанынан 2022 жылдың 4 наурызына дейін «Batus Energy Gas» (Батыс Энергия Газ) ЖШС-ді директор қызметін атқарған. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

# ДОКТОРЛЫҚТЫҢ ЖАЗЫЛМАҒАН ТАРИХЫ

Қырықтан асып қырма сақал болған шағында Ермат докторлық қорғап, туған еліне қуаныштан жарыла жаздап ұшақтан түсті, тамыр-таныстардың бөріне уатсаптан сүйінші хабарды жеткізіп, шаттықтан шалқыды, ертемен жұмысқа барып қытайдан қорғап келген докторлығын жуды, үлкен ресторанды жалдап алып, өзін тойына шақырғаның бәрін жинап, сарылып бір күн кеңірдектен өткеннің бәрін жұтты. Алды төрт аяқтан, арты тілі күрмеліп үйіне зорға кетті, соңында ақшасын төлей алмай докторлық дипломын кепірге қойып үйіне өзгер жетті.

Бөгде елде төрт жыл жүріп қорғаған дипломын өз елінде өгейдің күйін кешіп үш жылдан асты Білім және ғылым министрлігіне мойындап алмай жүр, (растай алмай жүргендер жалғыз бұл емес, Гүлжаз, Нұрманбай т.б бір факультеттің өзінде толмай жүр) білім және ғылым министрлігінің сайытының тізімдігінде тұрған қағаздың бәрін жинағанда бір өзіге жүк болды. Министрліктің почтасына салды, алты айда қайтып келді, сізде офастиль жоқ.

Қытай тілін білмесе де қытайтан кафедрасын басқарған қалың қабақты әйел бастық: «Докторлық қорғамағаның келесі жылы табаныңды жалтырат» жиналыс сайын осы сөзді құй талайды зілденіп, одан кейінгі оның қаридорда өкшесін тарсылдаатып кетіп бара жатқан аяқ дыбысы Ерматтың кеудесін жаңбыл бара жатқандай сезілетін. Жаны ауырып, жүрегі сыздады, бала-шаға бағу үшін бірден істеу керек, «бұрынғылар дым оқымай-ақ қалай жанын баққан дейді!» өз-өзіне күбірлеп... әуелде такси болып жанбақсам деп ойлады, есіне жанын Ермектің такси болып жүргенде ақап-сапақта бір әйел көп тосады, айтқан мекен-жайына барғанда екі жігіт шығып, оны үйге кіргізіп байлап тастайды, екі тәулік байлауда отырғаны есіне түсіп, ол ойынан тез қайтты, енді не істеу керек, базарға барып сауда жасау керек, сауда жасағандар бір түрлі болады, сөзді дұрыс түсінбейді, шетінен ашулы деп одан да айындай, енді не істеу керек, үйден бала бақша ашсам, ол үшін жинайтын құжаттарды ойлағанда төбе құйқасы шымырлап кетті, қой сол докторлықтың жолын іздеу керек деп түтті соңында.

Өзімізде оқу үшін тамыр-таныс керек, көп ақшаман оқуға түссем, бітіргенше тағы сол кір тірлік, ақша, білім-сіз диплом алып шығасың, өзінді алдау... шетелде оқу керек, бірдене үйренесің.

Бес намазында Құдайдан тіледі, жұмысымды істеп, бала-шағамды асырап жүріп сырттай оқысам деп ойлады.

Дуғаның ашпайтын есігі болмайды. Бір күні телефоны безілдеп қоя берді.

—Саламатсыз. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы Фариза апай екен.

— Саламатсыз.

— Е, жаңалық апай.

— Не шәңалық жоқ, сол бұрынғыдай сабақ өтіп, бір күнді қайталап жүрміз, айтпақшы Қазақ-қытай колледжі жартылай сырттай, жартылай күндізгі етіп қытайдың Ухан педагогикалық университетіне докторлыққа адам қабылдап жатыпты, мен құжат тапсырдым.

— Мынауыңыз күшті жаңалық екен.

Іздеген алдынан шықты, тездетіп құжаттарын өткізді. Күлімсіреген колледж директоры Талғат ағай жылы қабылдап, бұйырса бірге оқимыз, менде құжат тапсырдым деп ағынан жарылды. Талғат, Фариза, Ермат бұрыннан таныс, қытай тілі олимпиадасы, тағы басқа іс шарда бас қосып, дастархандас болып жүретін.

Екі айдан соң жауабы келді, оқуға құжаттары қабылданыпты, оқуға түсу үшін қытай тілі дәреже емтиханының ең жоғарысына тапсырып күнелігін өткізіу керек деп сұрап қойды, аталмыш емтиханға қатысып күнелігін алды. Әр кім өз үлгірімі, өз жағдайы бойынша төрт жылдың ішінде докторлығын қорғаса болды деп ескертті.

Ұшақта Ермат жаттай алмай жүрген Жаратушыны ұлықтайтын Хашир сүресінің соңғы екі аятын қайта-қайта оқып келеді, Аллаға жақсандаған сайын жүрегі жұсарып, денесі балқыды. Уханға жаздық демалыста тынбай үш жыл келді, бірақ ол кезде ұшақтан түскенде қытайлар құдалары келгендей өуежайдан күтіп алды. Соған өбден еск сүйеп алған Ермат жолға бір ретте сөп салып қарамағанын енді білді. Ол кездегі келудің жөні мүлде басқа. Жаздық каникулда қытай тілі оқытушылары мен қытайға қызыға қарайтындарды еліне шақырады, бару-келу жол ақысынан басқаның бәрі қытайлардың мойнында, бес жылдызды қоңақ үйге жайғастырады. Шалқып-келіп, шалқып қайтатын. Тіпті, әр күні қытайда жүргені үшін ұстап ақша төлейтін. Солай әр жолы ең азы елу адам келетін, қытай тілі мен қытай мәдениетін үйрететін, қытайдың тарихи аймақтарын қыдыратын, сол қолы бір қазақтың қызы елге еш кетпеймін мынадай жерден дегенде Ермат, Фариза, Талғаттар оны алдап-сұлат отанаға алып келген. Әр жолы үш апта жүріп кетерде қытай тілі мен мәдениеті бойынша сертификат да алатын. Бұл жолы диссертациясын жазып бітіп, докторлығын қорғауа келе жатыр. Жетекшісі Шын Юлюан мен алғаш тіл министрлігін директоры Уаң Гочың профессор кабинетінде танысып, тақырып таңдаған. Кейін кафедре барып тамақ ішуге ұсыныс еткенде, егер мені осылай тағы бір рет тамаққа шақырсаң саған жетекшілігің етпеймін деп қатаң ескерткен. Содан бері Ермат ол кісіні еш мазаламады. Бір ретте бірге шай ішпеді, бір тын да бермеді.

Төрт сағат тоқтаймай ұшақан темір қанат көгершін ақыры жерге қонды. Басқа өлем. Әр кім өзімен өзi қарбалас, біреуге біреу қарап қоймайды.

Жәутендеп аз тұрған Ермат жас шама-сы өзіне қарайлас бір сары жігітке жайын айтып Ухан пед университетіне қалай барады деп сұрады. «Міне, мына автобусқа мініңіз менде мінейін деп тұрмын», бірге көлікке мінді, қолмен ешкім ақша ұстамайды, бәрі қол-фонмен төлейді. Алматыдан дайындап алған жүз юандық ақшаларын ешкім майдаламады. Жол ақысы бес юан. Жаңағы жігіт жол ақысын қол-фонмен төлеп берді, қағаз ақшасын беріп еді, керегі жоқ деп кері қайтарды. Автобус жоғары қарқынды тас жолда тынбай екі сағаттай зулады. Сіз жолдың арғы бетіне өтіп, он жетінші автобусқа мініп тағы біраз жүресіз, одан кейін тағы бір автобус ауысасыз, солай жетесіз деп ескертті, оның жолды мүлде білмей өтірік бас ізегенін сезген ол Ерматқа қолқолнан қытай жол іздеу қартасын қосып берді де көңілі жай тауып қостасты.

Универдің батыс терістік қақпасынан кірді. Жерде көкте мұнар, қай мезгіл болғаны да білінбейді, тар көшенің екі жағы толған саудагер, дүңгіршегін жайып алып бірденелерін сатып отыр, бір күліміс ііс мұрын жарады. Өзіне таныс «панжюо ниоруминан халалә асханасы» деген жазу жылтылдап көзін қысады. Сақалы беліне аз жетпеген сопақ бет, ұзын бойлы қара дүңген шал таспиқ тартып есік алдында отыр.

— Ассалаумағалайкум рахматоллаки баракты.

— Уағалайкумассалам рахматоллаки баракаты.

— Көрінбей кеттіңіз-ғой.

— Иа, елге кетіп енді келіп тұрмын. Шағын тамақхана, ішкі бөлмеден орта бойлы қара торы жігіт шығып не жейсіз дегендей сөстiлiп аз тұрды.

— Тамақ тізімдігіне аз қараған Ермат ащы бұрышы жоқ лағман деп тапсырыс берді. Жігіт ішке еніп кетті. Қабырғадары сағатты, астында тұрған намаз уақытын көріп, асық уақыты болғанын білді.

— Асыр намазын оқып алсам.

— Мына жаққа оқып алыңыз деп, қосалқы бір бөлмеге ертіп кірген шал жайнамазын қолына берді.

— Тамақта дайын тұр екен.

— Осы маңда қоңақ үйі барма. Сізге жақын жерден болса жақсы болар еді.

— Бар, тамағыңды ішіп бол, сосын мен ертіп барайын деп, шал таспымын жалғастырып тарта берді. Шал өзінің қоңақтарын орналастыратын қоңақ үйге апарды. Жалғыз кісілік бөлмеге жайғасты. Он күндік ақшасын төледі.

Ермат тысқа көз салды, астында жаңағы өзі келген тар көше, кеш батты барды, қар жауардың алдындағы жылымық сөт, дала үңдіс тұнжырайды, тек тынымсыз тірлік кешкен адамдар абыр-сабыр тар көшеге сыймай көңжелді. Арбасын сүйреген кейдей де, көлігіне сыймай сигнал бере шіреңген бай да, орта құрсақ қара шаруда, шолақ етек ұсақ буржуазия зиялы қауым да, шепіртке сирақ студент те, шөп желке қыздар да бәр-бәрі осы көшеде бар, жүргіншілер еш тыншымайды. Биылғы қыстың алғашқы қары жауайын деп тұр-ау деп топышылады Ермат. Қала түнімен аппақ көрпеле ораныпты, ағаштардың басынан тоқтаусыз тамшылар тамады, бұл жақтың елі өте ерте тұрады. Жолдарда ала шұбар қар жатыр, еп сөтте қалың көлікпен былшылдақ күйге еніп көшпелерден айғыздала су ақты.

Ертемен Ермат Алла деп, есіктен шығып жетекшісі Шын профессорге барды.

«А сөзді, қоңқақ тану, ақсұр жүзді жетпістің желкесіндегі ғалым жұмысын қашықтан бірнеше рет тексерген, осы жолы өзі кел деп шақырған болатын, сосын да Ермет жұмыстан сұранып, орнына сабақ өткендерге ақшасын төлеп келген беті осы». Соңғы нұсқанды таста да, менің жауабымды күт деп, қысқа қайырып шағырып салды. Бекер жатпай тақырыбың бойынша екі мақала жаз. Тапсырма сол деді есіктен шығарды.

Екі күн өтті, қалың қызыл сызыққа толған жұмысты кері қайтарып Шын профессор бұл жолы қорғауға шыға алмай қалар ма екенсіз деп қорқытты, көп жерін түзеу керек.

Жоқ, мен қайткенде де түзеп, осы жолы қорғап кетугім керек деп, өзіне қатан талап қойған Ермат намазын сондай ыждағатпен оқып, бар ынтасымен жұмысына кірісті, күніне екі сағат ұйқтап, ер намаздан соң, «Иа, Раббым мені аз ұйықтатып, көп күш бер, осы жолы қорғап кетудімің несіп ет, бұл дүниені маған қиыншылық етпе деп» дұға жасаумен болды. 21 күнде жұмыс үш рет түзетіп, соңғы нұсқасын жетекшісіне өткізді. Жетекшісінің өзі таң қалды, енді Уаңға өзің айт, бізде негізгі қорғау желтоқсанда және маусымда болады, қазір қараша, демек сәл ерте болып тұр. Сен тез барып Уаң профессорға сөйлес, ол кісі мақұл десе, маған айт.

Ермат есіктен шыға Уханда алғаш рет тақ төбесінде жарқыраған күншіктерді, күн жұма, жұма намазына барамын ба, өлде Уаң профессорға бармын ба деп, екі ойдың ортасында қалды, мен жұмадан келгенше ол кетіп қалады-ау, бүгіннің өзі бұлар үшін жарты күндік жұмыс, ертең сенім мүлде жұмыс істемейді. Не істеймін керек, сапарда жүргенде жұма намаз пазыс емес, Уаңға барайын деп, зорлана бір екі қаддам басты, тағы ойға батты, сапар болғанда он бес күннен артық тұрғанда сапар үкімі жойылады да, жұма пазыс болады. Келесі жұма басқа жұма, дәл осы жұма еш қайта айналып келмейді. Уаңға барудың ауағы өтіп кетпейді. Онда қаза болу деген жоқ. Дүйсенбі барсам да болады. Дүние ісі мен ақырет ісі қатар келгенде ақырет ісін таңда деген үн құлағына келді. Иа, Алла Өзіңе тәуекел еттім деп, тездете басып, дүңген шалға келіп, алдағы апталарда жұмаға барғандай оның сүйліктей қара машинасына мініп жұмаға

## (ӘССЕ)

тартты. Ішінен тоқтаусыз пайғамбарымызға салауат айтып келеді, кім маған жұма күні салауат айтса өзім сәлемін аламын деген хадис бойынша тоқтаусыз салауат айтып отырды, жолдан әр жерде ақ тақиялы дүңгендерді көрді, солардың үшеуі үш жерден шалдың көлігіне мінді. Алдында Ермат таспығын тартқан күйі салауатын тоқтатпай келеді. Бұрынғы аптада барып жүрген жақын жердегі кішкене мешітке емес, алыстағы үлкен мешітке бірақ тартты, бір жарыма үлгіріп екі сағатқа таяу жолы мешіттің алдына келіп тоқтады, топырлаған көп адам, бірінші қабатта орын болмай бұлар екінші қабатқа шықты, ондада адам мық тіресіп отыр, дені дүңгендер және қытайға ұқсайтын жамағат, ара тұра қара жігіттер мен араптар тағы басқа жерен сақал, қоңқақ мұрын мұсылмандарда үңсіз мүлгіп отыр, қытай әкцентінде азан үні өуелеп бүкіл Уханға сіңіп жатты, ашырқанған қара халық өздері де білмейді сондай бір рухани ауаны күшырлана жұтты, терезелерін ашып қойып жандары рахаттанды, бірақ қалап оны еш білмейді, тыла сала оларды өке-шешелері Құдайсыз еткен. Тақбр алып сілтілдей тынған жамағат сұнет оқыды, артынша жұманың парызын өтеді. Намаздан соң Ермат көп дұға жасады. Дүңген шал, сіздің асығыс жұмысыңыз болмаса бізбен бірге қоңаққа жүріңіз, асықсаңыз кете беріңіз, бізді бүгін бір досымыз қоңаққа шақырған, соған қазір қоңаққа барамыз деп сойған түлкі сияқты ыржіжа қарады. Бізде сондай салт бар, жұмадан кейін бас қосып тамақ ішіп тұрамыз. Екі сағаттай жол жүріп жеттік, жол тауып кету маған оңай болмаса, адасып кететін шығармын, сіздермен бірге жүре берейін деп, Ермат үңсіз келісті. Мешіттің имамы бастаған қалың дүңген үлкен асханада бас қосты, желініп болмастан, үсті үстине тамақ келе берді, келе берді. Бөрінің үстіне ащы қызыл бұрышты аямай сепкен. Жесе ауыз ашды...

Ермат ащы бұрышты көргенде жолда болған ғажайып істерін еске алды. Қалың дүңген өздеріне шыулды өңгіме айтып отыр, Ерматтың тек суреті ғана осында....

Ерматтың қытайға осы жолы келгенде негізгі жұмысы докторлық қорғау болсада, Іленің Мұңғұлқуре ауданының жаңайт қытайсың қырқына қатысып, көңіл айтуды жоспарлап, түнгі сағат уақы тасқимен өпкесі, қарындасы, інісі төртеуі бірге шыққан. 2016 жылың қазан айы, күзгі суыққа түнгі суық қосылып өңештен өтеді, жүргізуші шалдау кісі бір қалпыты жүргізіп, сан тақырыпта қазақты өңгіме айтып қорғас бекетіне таңғы сегіз жарымда өкеліп тастады. Қытай кеденшілері Ерматты бөлек бөлмеге апарды.

— Қолфоныңызды беріңіз.

— Мен қолфон ұстамаймын.

— Мына заманда қолфонсыз адам болама.

— Көріп тұрсыз-ғой.

Сенбей бетіне бақыраа қараған қара қытай жігіті, бар затын түгелімен ақтарып шынымен қолфоны жоғны етеді, ноутбүгін бар шұқып, бұрынғы ешбірін тастаған суреттерінің бөріні тауып біраз үңілді, жайнамазы мен таспығын, тақиясын көріп намаз оқысың ба деп дүңк етті. Иа, деп Ерматта нық жауап берді. Қытайдың екі бума қызыл ақшасын келді.

— Ол не ақша.

— Оқу ақысы, мен Ухан пед университетінде докторлық оқымын, соңғы қорғауға кетіп бармын.

— Бұл жақта неғып жүрсіз?

— Қайтыс болған туысыма көңіл айтып, сосын Уханға ұшамын деп бар шындығын айтты.

— Неге маған сонша қадалдыңдар.

— Бұл біздің жұмыс.

Кеденнен өткенде түстен кейінгі үшті көрсетті, күн қиғаштай қарайды. Ентелеген қалың адам етектеріне жармаспын, бірі текісі десе, бірі ақша айырбастап ал деп, қолқа сала іш-бауырына кіреді. Өлде қашан шекарадан өткен туыстары Ерматты тағат-сыздана күтіп тұр екен, олар ауылдағы жай қара халық болған соң ба оларды еш тексермепті... Таксиге мініп, екі шақырым жүріп дүңген асханаға тамаққа тоқтады. Дүңгендердің тұпшарасы сондай дегенді болады. Жұрыс екі кесені тауысып, кесенің тұбыс сан түрлі дөмдендіргішімен аспандапта көтерді. Таксиге отыра сала екінің намазын оқыды. Аз жүрген соң-ақ Ерматтың тамағы жыбырлап, аздап жөтелді, артынша жөтел жаңылп, демі қысыла бастады. Жүр-гізуші дүңген жігіті Ерматтың қарайып тотыққан түріне қарап, демі қысыла бастағанын байқап, тездетіп желел жәрдемге қоңырау шалды. Алайда Құлжамен Қорғастың арасындағы жоғары қарқынды тас жолда келе жатқан бұлардың қоңырауын ешкім көтермеді. Ерматтың тынысы үзіліп барады, Құлжаға жеткенше шыдамаса деген дүңген жігіті үлкен тас жолдан шығып, топырақ соқпақпен бүркіл-дәта темір тұлпарын еш аямастан ойлы-шұңқырда жөңкілте қуағытты, адамдық, мұсылмандық жанашырлықы биік шыңға шықты, сол мандағы жақын жердегі елді мекеннің емдеу бөлімшесіне жеткізді. Көзі алаып шырытана теуіп, басқы кішірейіп, денесі қаңбақты болған Ермат сырылдап күр сүлдері жетті.

Өзіміңн үйіме тіркеймін, тез емдеуді бастандар, адам өмірін құтқарындар деп, жүргізуші жігітін айқымымен Ерматтың жұан тамырына аспалы укол ілінді, қисайтын кюреутке жатқызығанда Ерматтың демі үзіліп кетердей болды, тік отырды. Өпкесі, інісі қарындасы тілеуін тілеп безілдеп отыр, жазғастарын сығымдылай... Тіршілік кәулағыа себепкер тамшылар ойлана бауа тамаді... Ерматқа аздап дем жүрді, ақырын-ақырын тынысы көңілі, жаны орнына келді. Жалғасты

тағы екі құмыра шипа су құйды. Ермат жазылды. Доктордың диагнозы, сізде ащы-тұщы дөмдендіргіштен аллергия бар, бұдан былай өмір бойы ондайға жоламаңыз деп ескертті. Жеті адамдық таксиде отырған басқа жолаушыларды жүргізуші ақшасын төлеп, Құлжаға салып жіберіпті. Қас қарғанда орындарынан қозғалды. Тілге келген Ермат жүргізушіге алғысын жаудырып, Алла разы болсын сізден деп қайта-қайта ризашылығын білдіріп, ақша мен өлшенбейтін азаматтығына сүйінді.

Жас шамасы да өзімен қарайлас жігітпен қол алысып достасты. Менің де өйелім аллергиямен ауырады, ол осындай дәрілерді ішеді деп Құлжаға кіре сала тыныс алуға көмектесетін кішкене апарат және бірнеше түрлі дәрі алып берді.

Сағат тілі кешкі бесте Университетке келген Ермат, бүгін жұма Уаң профессор жұмыстан үйіне өлде қашан кетіп қалды, Аллаға тәуекел деп қоңырау шалды, лезде жіңішке дауысты Уаң профессорсыз үні естілді, аман сәлемнен соң өзін таныстырып, енді бастап жағдайын айта бастағаны сол.

— Иа, мен сізді білемін, егер жетекшіңіз жұмысыңыз жарамды, қорғауға болады десе, біз осы жексенбі сізді қорғатайық деп, бірден Ерматтың алдына түсіп жорғалады.

— Рақмет сізге, Иа, жетекшіім сізге айтыңыз, жұмысыңыз жарамды деді. Уаң бастықты бір Үлкен Күш оның төбесінен ұрып тұрғандай.

— Онда жақсы, осы жексенбі біз қорғау комиссиясын ұйымдастырып, сізді қорғатайық деп, одан сайын бөзілдеді.

Үй деп, кең тыныстаған Ермат Алла Тағала «мен үшін көпір қытайды қызмет етіріп қойды» деп, дереу жатағына кіре шүкір сөждесін жасады. Бір сағаттан кейін хатшы қыз қоңырау шалды, сіз ертен түстен кейін қорғайтын болдыңыз, жексенбі адамдар толық болмайды екен. Оған дейін жұмысыңызды антиплагаттан өткізіп, қағаздық нұсқадан он дана шығарып ала келіңіз, диплом үшін фотоға түсуді де ұмытпаңыз деп ескертті. Айға жуық кеудесінде жастық қойып, компютордың алдында сөл ғана мызағап талай таңды атырған Ермат сол тұн балқаймақ ұйқыға батты-ай келіп.

Азанмен жұмысын антиплагаттан өткізген Ермат, жұмысын шығаруға тастады, екі сағатта дайын болады деген соң, хатшы қызға жағдайын айтып, қорғауға келетін ғалымдарға қандай сыйлық алсам деп сұрады, ол өзінің бір танысының нөмерін жіберді, сонымен ақылдас, ол кісіге мен жіберді деп айт, осындай істер үшін арнаулы мәдени сыйлықтар саатады. Жеті кісіге үлдегі мәдени түсі басым сыйлық және хатшы қызға әдемі бір шаршы алды. Солай қоржындарын арқалап тіл институтына келді, қоғаудың алдындағы дайындыққа бел шеше кірісті. Ермат оқу ақысына төлеуге алып барған екі бұдақ ақшасы елі суммасының ішінде жүр, құжаттарың қоял жасап асығып жүргенде талай рет аузы ашық қалып ақшаның құлағы көрініп қалағанын көріп жүрді. Ақшаның ғылымның жанында құнсыз, көк тынғаң татаймайтынын жақсы білген білім ордасында сапырлысып жүрген жандардың ешқайсысы көз қырын да салмады. Сағат екіге жақындады, қорғау комиссиясын күтті, қара сұр төртпақ, ақуба ұзын бойлы, шидей арқы, бота тірөск, шүйрек көз, сопақ бет, боз бас қытай ғалымдары дамбырлай астығың қабаттан көтеріліп келе жатқанда Ерматтың жүрегі аттай тулады. Жаңа түскен келіндей алдарынан шыға амандасты. Ғалымдар ішке еніп жайғасып болған соң Ермат хатшы қыздың шақыруымен ішке кірді, қаздай тізілген ғалымдар айқасын отыр, бас-аяғы ол бір адам, Уаң профессор басқаларға Ерматты таныстырып, сөз кезегін берді, үш жыл жазған жұмысын сарнады-ай келіп, 20 минут сөйлеген кезде, тоқтаңыз деп сұрақты жаныбұрыжай текті, қағазға түртіп зорға үлгерді. Жаң, Хы текті ғалымдар бастап, жалпы жеті адам 21 сұрақ қойды, тоқтаймай жауап берген Ерматқа ғалымдар шетінен бастарын ізей бастады. Бастарын ізеген сайын Ерматтың арқасы коза одан сайын аузын көпіршіте жауабын толықтай түсті. Шыға тұрыңыз деп, хатшы қыз сыпайы ескертті. Өудем уақыттан соң қыз кайта шақырды. Кірісіне Уаң басстық сізді сөтті қорғауыңызбен құттықтаймыз деді. Аудитория шапа-лақ үніне алыны. Сыйлықтарын алдарына хатшы қыз ақырын таратып шықты.

Сыйлық жетпегенде өзіне алғанды Хы текті ғалымға берген жетекшісі Шын профессор бейне бір Ерматтың өкесіндей қолың қайта-қайта қыса ризашылығын білдіріп, сондай бір қуанды. Жүзінде бір толқу бар. Хатшы қыздың жеті адамға сыйлық алсаңыз жетеді дегені бойынша алған сыйлықтары жетпей қалып, өзіне алған екі қымбат қаламсапты да екі кісге беріп жіберді. Дастархан басына жүріңіздер, сіздерге жуып берейін деп, Ермат шын көңілмен өтініш жасады, біз сізден сыйлық алдық, енді дастарханға барғанмыз артық болады деп, Хы текті ғалым басқаларға қарап қостау тіледі, дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз, басқада шаруаларымыз бар деп, барлығы сау етіп аудиторидың сыртқа шығып тарай жөнелді. Намаз оқытын, арақ-шараптан мүлде алыс, хал-харам деп тамақтың тапдан жейтін Ерматты Алла Тағала өзі құтқарды. Егер дастарханға отырғанда олардың салты бойынша дастархан төлеу бірінші кезекте тост көтеріп, тілегін білдіріп, ғалымдарға рақмет айтуы керек еді, соны ойлағанда Ерматтың төбесі шымырлап

Алладан шын тілеген дұғасының қабыл болғанын сезді. Барлық шаруасын сол күні жұма намазына баруымен Алла Тағала шешіп берді. Егер сол кезде жұмаға бармай, Уаң бастыққа барғанда, не болар еді, тіпті жетекшісі айтқандай, қорғауы кейінге қалар ма еді, Алла қаламаса ештеңе болмайды, сенің асығып жүрген шаруаңды Алла реттейді.

Осы жолы сапарға шығарда жүзі нұрлы Пайғамбар ұрпағы Самридің ұстазға арнаулы барып, батасын алған, өке-шеше ризалығымен үлкен үйден дем ауыз тиіп жолға шыққан. Алланың қалауымен жолы болды.

Көп ақша төлеп, жат жерде қиналып, жол азабын тартып жүріп алған дипломын өз еліңде растай алмай жүргеніне үшінші жыл болды, неше рет сол докторлығыңа рақмет деп, базарға саудаға кетуге оқталып, оқталып, тоқтаған. Астанадан бірінші жолы диссертацияның 40 мың сөзден тұратын қазақша түсіндірмесі жоқ десе, екінші жолы антиплагияттың оригиналы жоқ деп қайтарған. Оның бөріп түгендеп еді, бұл жолы офастиль жоқ деп үшінші рет құжаттарын астана кері қайтарды. Соларды неге бір жолда айта салмайды екен деп күмбірледі Ермат. Әр жолы барғанда ең кемі 6 ай жуан құрсақ, кішкене бас шенөвниктердің суырмасында жатады. Қайта-қайта қоңырау соғып мазалаған кезде барып, көкің уқалап ұйқысынан оянғандай, тоқтай тұрыңыз деп жарты сағат ежіктеп жүріп жауап береді. Артынан екі айдан соң хат келеді. Бөгде елде оқып, докторлық қорғағаннан өз еліңде оны растату мазалаған кезде барып, көкің уқалап ұйқысынан оянғандай, тоқтай тұрыңыз деп жарты сағат ежіктеп жүріп жауап береді. Артынан екі айдан соң хат келеді. Бөгде елде оқып, докторлық қорғағаннан өз еліңде оны растату мазалаған кезде барып, көкің уқалап ұйқысынан оянғандай, тоқтай тұрыңыз деп жарты сағат ежіктеп жүріп жауап береді. Артынан екі айдан соң хат келеді. Бөгде елде оқып, докторлық қорғағаннан өз еліңде оны растату мазалаған кезде барып, көкің уқалап ұйқысынан оянғандай, тоқтай тұрыңыз деп жарты сағат ежіктеп жүріп

**САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӨКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ -ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарбие ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Бисебаев Дәурен Сарбие ауылдық округі өкімі	Сәуір 5,8,12,15,19,22,26,29 Мамыр 3,6,12,17,20,24,27,31 Маусым 2,7,10,14,21,24,28	Жастар көшесі № 16	35-2-20

**2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Улықпанов Кайнар Жолдасқалиұлы, бөлім басшысының міндетін уақытша атқарушы	8,15,22,29 сәуір күндері 6,13,20,27 мамыр күндері 3,10,17,24маусым күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-77

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефонының номері 2-11-54.** Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс –пікір салу үшін жөшік орнатылған.

**ЕСКЕРСЕҢ – ҚОРҒАЛАСЫҢ!**

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау- ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіп-керлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкпе соғады. (ҚР өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 338-бабы).

Мемлекеттік кірістер органдарымен ҚР-ның Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексінің 509- бабының 5-тармағына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе ҚР-ның заңнамасын бұза отырып пайдаланатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша базалық мөлшерлері жиырма есеге ұлғайтады.

Егер Сіз жер учаскесін мөбүрлеп алып қойылған тұлғалар тізіміне (яғни, қара тізімде) іліскеніз ҚР-ның Жер кодексінің 43-1 бабының 8-тармағы және 96-1- бабының 4-тармақтарына сәйкес Шаруа немесе фермер қожалығын өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі өткізілетін конкурстарға қатыса алмайсыз және үш жыл бойы жер учаскелері берілмейді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Сондықтан, ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу мақсатында өз мөлгіңіздегі жер учаскеніңді дер кезінде пайдалану немесе өз еркіңмен бас тарту қажет (ҚР Жер кодексінің 82-бабы және 92-баптың 3-тармағы). «Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті» ММ Ақтөбе қаласы, 101 атқыштар бригадасы 2, 5 этаж тел.90-80-74

**«ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» - ЖАСТАРҒА ЗОР МҮМКІНДІК**

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ЖАСТАРДЫҢ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTY, АУЫЛ АЙМАҚТАРДЫ ҚАЖЕТТІ МАМАНДАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІРНеше ЖОБА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ. **СОНЫҢ БІРІ - «ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» БАҒДАРЛАМАСЫ. БІЗДІҢ АУДАНЫМЫЗДА ДА АТАЛМЫШ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕСІ ЖАҚСЫ.**

Қазіргі ауыл бейнесі бұрынғыдан өзге. Шалғайдағы, назардан таса ауылдардың өзі кез ілеспес жылдамдықпен дамуда. Сол себепті, қала мен ауылдың денгейі төненіп келеді деу де артық емес. Әлбетте, бұны алыстан айтаған ел басшыларының жобаларын қолдаушылар көп.

Осыдан 12 жыл бұрын бастау алған «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламасының арқасында жүздеген маман ауылдан үй алып, ауданға тұрақтап қалды. Аталмыш бағдарламаның іске асуына тікелей себепшілердің бірі аудандық экономика және қаржы бөлімінің мөлгіметіне сүйенсек, былтыр бағдарлама арқылы 53 маманға жалпы соммасы 15460,1 мың теңге көлемінде көтерме жәрдемақы, сонымен қатар, 26 маманға тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алу үшін 98523,5 мың теңге берілген.

Ал, биыл 45 маманға көтерме жәрдемақы, 10 маманға тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру жоспарланған.

Денсаулық сақтау саласында, білім беру, өлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сұранысқа ие мамандар, 2020 жылы 17 қазаннан бастап ауылдар, кенттер, ауылдық округтер өкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері де бұл тізімге енген болатын.

Ал, жобаның шарттарына келетін болсақ, жас мамандарға биыл 303 мың теңге көтермелеу жәрдемақысы беріледі. Сонымен бірге, 15 жыл мерзімге 0,01 пайыз жылдық мөлшерлеменен үй сатып алуға 4млн. 594 мың теңге бюджеттік несие алу үшін жоспарланған. Бұл бағдарламаның жастар үшін тиімді тұсы. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі мамандардың түсіндіруіне, несиеге қол жеткізу үшін жас мамандар ауылда кемінде 3 жыл тұрақты жұмыс істеуі шарт. Үйдің бағасы қанша тұрса да, белгіленген несие сомасынан артық ақша берілмейді. Жобаға қатысу үшін аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне өтініш білдіреді. Ал, сатып алатын үйді ма-

манның өзі табуы тиіс. Айта кету керек, несие маманның қолына тікелей берілмейді, үйді сатушы азаматтың шотына аударылады. Өз кезегінде үйдің құжаттары жоғарыда аталған бөлімде 15 жыл бойы баспаңа құны толық төленіп біткенше сақтаулы тұрады.

Көпшілік «Дипломмен - ауылға!» бағдарламасы тек қана жастарға, жоғары оқу орнының биылғы түлектеріне арналған жоба» деп түсінеді. Бағдарламаға қатысу үшін жас болу, университет немесе институт бітіру міндет емес. Маманның жас ерекшелігінде шектеу жоқ. Ең бастысы, ауылды көркіейтуге үлес қосуды мақсат етіп, ауыл үшін қызмет еткісі келетін өлеуметтік саланың маманы болуы тиіс. Бағдарлама аясында білім, денсаулық сақтау салаларына басымдық берілетіні белгілі. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының игілігін көріп, ауылға оралған мұғалімнің бірі - Нұршат Нұртасова. Ол бүгінде Ж. Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде ағылшын пәнінің мұғалімі болып еңбектуде. 2016 жылы бағдарлама бойынша ауданға келіп, 1 жыл ішінде мемлекеттік бағдарлама бойынша баспаңаға қол жеткізді.

«Дипломмен - ауылға!» бағдарламасы арқылы баспаналы болғанымна куанамын. Мен 2016 жылы Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін шет тілі (екі шет тілі) мамандығымен те-мамдадым. Еңбек жолымды Ж. Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінен бастадым.

Сабақ беріп жүріп «Дипломмен - ауылға!» бағдарламасының мол мүмкіндіктері туралы білдім. Тұрғын үйді 2017 жылдың мамыр айында алдық. Сонымен қатар, көтерме жәр-демақы алдым. Аталған бағдарламаның тағы бір тиімділігі, осы мемлекеттік бағдарла-маның аясында ауылға келіп, отба-сыммен жұмыс жасап жатқаным үшін артық жүктеме болса, бірінші кезекте маған беріледі.

**ПРЕДУПРЕЖДЕН – ЗНАЧИТ ЗАЩИЩЕН!**

Нерациональное использование или неиспользование земель сельскохозяйственного назначения

Нерациональное использование или неиспользование земель сельскохозяйственного назначения – влекут предупреждение или штраф на физических лиц в размере десяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере сорока, на субъектов среднего предпринимательства – в размере семидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере двухсот месячных расчетных показателей. ( Кодекс об административных правонарушениях РК статья 338).

Органами государственных доходов, в соответствии с пунктом 5, статьи 509 кодекса РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) за неиспользования по назначению или использования с нарушением законодательства Республики Казахстан земель сельскохозяйственного назначения, базовые ставки увеличиваются в двадцать раз.

Если Вы включены в список лиц, у которых принудительно изъяты земельные участки ( т.е в черной список), то согласно пункта 8, статьи 43-1 и согласно пункта 4 статьи 96-1 Земельного кодекса РК, вы не можете участвовать в проводимых конкурсах по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства и предоставления земельных участков в течение трех лет не допускается.

**ВНИМАНИЕ!**

В целях вовлечения в сельскохозяйственный оборот, необходимо своевременно использовать земельный участок по назначению либо добровольно отказаться (статья 82 и пункт 3, статьи 92 Земельного кодекса РК). ГУ «Департамент по управлению земельными ресурсами Актюбинской области» г. Актөбе 101 стрелковой бригады 2, 5 этаж тел. 90-80-74

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

*БЖЗҚ-ның қандай қызметтерін жеке куәліксіз алуға болады?*

БЖЗҚ салымшыларға (алушыларға) көрсетілетін цифрлық қызметтер желісін кеңейтуде. Бүгінде жеке зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан жеке куәліксіз алуға болады. Ол үшін eGovMobile мобильді қосымшасында жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық нұсқасымен БЖЗҚ бөлімшелеріне жеке өзі келгенде төмендегі қызметтерді алуға болады:

жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу; деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу; зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

Енді жеке куәліктің электрондық нұсқасының көмегімен алынатын жоғарыда аталған қызмет түрлеріне **зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуды** жүзеге асыру мүмкіндігі қосылды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ бөлімшелеріне жеке өтініш білдірген кезде БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аудару үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және оның түпнұсқасы, не *шолу үшін цифрлық құжаттар қызметінен электрондық құжат*;
- 2) зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы/салымшы (алушы) сақтандыру ұйымымен жасасқан қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімінің түпнұсқасы;
- 3) БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініш.

Жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасын БЖЗҚ бөлімшелеріне салымшы тікелей өзі келгенде пайдалануға болатынын атап өтеміз.

Егер жүргінен тұлғада жеке басын куәландыратын құжат жарамсыз болып табылса, онда eGovMobile мобильді қосымшасында да құжаттың электрондық нұсқасы болмайды.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

**ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ**

*Какие услуги ЕНПФ можно получить без удостоверения личности?*

ЕНПФ расширяет линейку цифровых услуг, оказываемых вкладчиком (получателем). На сегодняшний день отдельные пенсионные услуги можно получить в ЕНПФ без предоставления удостоверения личности. Для этого достаточно иметь цифровую (электронную) версию удостоверения личности в мобильном приложении eGovMobile.

С электронной версией удостоверения личности гражданин Республики Казахстан при личном обращении в подразделения ЕНПФ можно: получить выписку с индивидуального пенсионного счета; внести изменения и (или) дополнения в реквизиты; изменить (определить) способ информирования о состоянии пенсионных накоплений.

Теперь к вышеперечисленным услугам добавилась возможность осуществления перевода пенсионных накоплений в страховую организацию использования электронной версии удостоверения личности.

Напомним, что при личном обращении в подразделения ЕНПФ для осуществления перевода пенсионных накоплений из ЕНПФ в страховую организацию необходимы следующие документы:

- 1) копия документа, удостоверяющего личность вкладчика (получателя), и его оригинал либо *электронный документ из сервиса цифровых документов для обозрения*;
- 2) оригинал договора пенсионного аннуитета/оригинал дополнительного соглашения к действующему договору пенсионного аннуитета, заключенного вкладчиком (получателем) со страховой организацией;
- 3) заявление о переводе пенсионных накоплений по форме, утвержденной внутренним документом ЕНПФ.

Отметим, что воспользоваться цифровой (электронной) версией удостоверения личности возможно при личном обращении непосредственно в подразделения ЕНПФ.

В случае, если у обратившегося лица документ, удостоверяющий личность, является недействительным, то в мобильном приложении eGovMobile электронная версия документа будет отсутствовать. **Пресс-центр АО «ГНПФ»**

**ҚР БАС ПРОКУРОТУРАСЫ РЕСЕЙ МЕН УКРАИНА ҚАҚТЫҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ**

2022 жылдың ақпан айынан бастап бұқаралық ақпарат құралдары мен өлеуметтік желілерде Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығысқа қатысты материалдар (жарияланымдар, бейнесюжеттер, хабарламалар, пікірлер) белсенді жариялануда. Бұл ретте олардың ішінен жекелегендері Қазақстан азаматтарын осы жанжалға қатысуға шақырулармен, ұлттық араздықты қоздыру, екі тараптың да азаматтарының ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау белгілері бар қасақана арандатушылық мәлімдемелермен және көрінеу жалған ақпаратпен сүйемденеді. Бұдан бөлек, өлеуметтік желілердің кейбір пайдаланушылары, соның ішінде Қазақстан азаматтарының арасынан болып жатқан оқиғаларға жария түрде түсіндірме бере отырып, оларға еліміздің аумағын тұтастығына қатысты сепаратистік үндеулерді орналастыруда. ? Бұл өрекеттер Қазақстан Конституциясымен, біздің еліміз қатысушы болып табылатын жалпыға танылған халықаралық-құқықтық құжаттармен тыйым салынған. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздануына жол бермеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен

өлеуметтік желілерде осындай арандатушылық сөздер мен шақыруларға берілмеуге шақырамыз. Қазақстан азаматының шет мемлекет аумағындағы соғыс қимылдарына қасақана құқыққа қайшы қатысуы, сол сияқты ұлттық алауыздықты қоздыруға бағытталған қасақана іс-өрекеттер, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, Қазақстанның тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуға жеткізетін сөздер мен шақыруларға жазаланатын өрекеттер болып табылатын (ҚК-нің 172, 174, 180-баптары) және 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға өкпе соқтыратынын түсіндіреміз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабына сәйкес қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, елеулі зиян келтіру қаупін туғызатын көрінеу жалған ақпарат таратқан үшін жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделгенін ескертеміз.

**Қазақпарат.**

**КӨСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!**

Көсіпкерлік субъектілері елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып келеді. Сол себепті де бизнесті қорғау прокурорлық қадағалаудың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Президент Жолдауларында бизнесті дамыту, салықтық өкімшілендіруді оңайлату, көсіпкерлер қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу мәселелері басты бағдар ретінде көрсетілді.

Осы орайда, жедел өрекет ету үшін көсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында аудан прокуратурасының «Атамекен» көсіпкерлік палатасымен бірлескен мобильді тобы және аудан прокуратурасының сенім телефондары 24/7 режимінде жұмыс жасайды.

Әр түрлі өкімшілік кедергілерді анықтау үшін мемлекеттік органның құқықтық актілері мен құқық қолдану практикасына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда прокурорлық ден қою актілері енгізіліп, заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге бастама жасалады.

Мысалы, ағымдағы жылы аудан прокуратурасы мемлекеттік органның көсіпкерлік субъектісін негізсіз өкімшілік жауапкершілікке тарту фактісін анықтады. Аудан прокуратурасымен қабылданған шаралардың негізінде өкімшілік жазаға тарту туралы

қаулының күші жойылып, көсіпкердің құқығы қорғалды.

Сонымен қатар, азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін көпталарды бекіту кезінде негізсіз көсіпкерлік субъектілерін енгізу дерегі анықталып, қабылданған шаралар нәтижесінде 8 көсіпкерлік субъектілерінің құқықтары қорғалды.

Сондай-ақ, прокуратура органы жеке көсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласу фактілерін бойынша арыз-шағымдарды қарады.

Осыған орай, мемлекеттік органдардың тарапынан негізсіз тексерулер жүргізу мен қызметіне кедергі жасау фактілері орын алған жағдайда, көсіпкерлер құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Ойыл ауданының прокуратурасына тікелей арыздануға болады.

**Күрметті Ойыл ауданының көсіпкерлері!**

Мемлекеттік органдар тарапынан негізсіз тексерулер жүргізу мен көсіпкерлік қызметке кедергі жасау фактілері бойынша аудан прокуратурасына және көсіпкерлер Палатасына хабарласуыңызға болатынын жеткіземіз.

Аудан прокуратурасы: 21-6-78, 8778598909  
Көсіпкерлер Палатасы: 79-0-02, 8 7712918932

**Ойыл ауданының прокуратурасы**

**АҚТӨБЕДЕ ӘЙЕЛДЕР КӨСІПКЕРЛІГІН ДАМУ ТУРАЛЫ АШЫЛДЫ**

Қазақстанның 14 өңірінде Ұлттық экономика министрілігінің «Ынтымақтастық қоры», ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия және «Атамекен» ҰҚП серіктестігі аясында 14 әйелдер көсіпкерлігін дамыту орталығы ашылды. Әйелдер көсіпкерлігін дамытудың қаңтар-қазанда Түркістан, Алматы және Маңғыстау облыстарында ашылды. Бастама Азия Даму Банкінің қаражаты есебінен қаржыландырылды және оны Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы жүзеге асырды. Ақтөбеде Әйелдер көсіпкерлігін дамыту орталығы ашылды. Орталықтар әйелдер көсіпкерлігін дамытуға, оқыту, кооперация және қажетті құзыреттерді қалыптастыру арқылы олардың экономикалық белсенділігін ынталандыруға, сондай-ақ бизнесті қолдау бағдарламалары шеңберінде желдікті кредиттер мен гранттар беруге, әйелдердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, әйелдер мен олардың ұйымдары өндірген тауарлар мен қызметтерді өткізу нарықтарын дамытуға ықпал етуге бағытталған. «Жеке көсіпкерлік саласында ғана әйелдер басқаратын компаниялар саны Ақтөбе облысында 52,7% - ды құрайды. Әйелдер көсіпкерлігі еліміздің экономикасы мен көсіпкерлігін дамынуға үлкен үлес қосуда, жұмыс орындары құрып, қайырымдылық пен мәдениеттік мәдениеті белсенді дамытуда. Бұл орталықтың ашылуы жеке көсіпкерлік іске асырысы келетін өлеуметтік үшін зор мүмкіндіктер ашып, күрделендіру кезеңіне ықпал ететін болады. Әйелдер көсіпкерлігін дамыту орталықтарын құру әйелдерге өз бизнесін дамытуға, жаңа мамандықтарды игеріп, көпбасшылық өлеуетін жүзеге асыруға көмектесетініне сенімдіміз», - деп атап өтті Ақтөбе облысы Көсіпкерлер палатасының директоры Дана Бекбауова. Орта-

лықтар көсіпкер әйелдерді қаржылай емес қолдау алаңына айналуда тиіс, онда аудару стартаптарды іске қосу, жұмыс істеп тұрған бизнесті одан өрі кеңейту және дамыту үшін бірқатар құқықтар ала алады, сондай-ақ оқыту бағдарламалары мен нетворкинг-іс-шараларға қатыса алады. «Жобаның басты мақсаты-әйелдер бизнесінің ағымдағы жағдайын талдау және даму өлеуетін айқындау; көсіпкерлік бастамасы бар әйелдер мен көсіпкер әйелдерді бизнес жүргізу дағдыларына үйрету; бизнес жүргізуде әйел көсіпкерлерді сүйемелдеу. Орталық арқылы өтініш білдіргендер консультациялар, тренингтер мен мастер-класстар түрінде оқыту, өлеует пен сұранысты ескере отырып, бизнесті дамыту стратегиясын әзірлеу, кооперация мен өлеуметтік көсіпкерлікке оқыту, қаржыландыруды тартуды (краудфандинг, инвестициялар, гранттар, линзингтер) оқыту қызметтерін ала алады. Сондай-ақ, орталық арқылы әйелдер көсіпкерлігі өкілдерінің халықаралық жобаларға қатысуына көмек көрсетіледі», - деді Ақтөбе облысы іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Кұлпаршын Айдарханова. Жоба үйлестірушілерінің ақпараты бойынша, 2021 жылдың қараша айында ашылған Орталықтарға бүгінгі таңда 500-ден астам әйел өтініш білдіріп, осы өңірлердегі негізгі тақырыптарын анықтау үшін қажеттіліктеріне байланысты талдау жүргізіліп, қайырымдылық пен мәдениеттік мәдениеті белсенді дамытуда. Бұл орталықтың ашылуы жеке көсіпкерлік іске асырысы келетін өлеуметтік үшін зор мүмкіндіктер ашып, күрделендіру кезеңіне ықпал ететін болады. Әйелдер көсіпкерлігін дамыту орталықтарын құру әйелдерге өз бизнесін дамытуға, жаңа мамандықтарды игеріп, көпбасшылық өлеуетін жүзеге асыруға көмектесетініне сенімдіміз», - деп атап өтті Ақтөбе облысы Көсіпкерлер палатасының директоры Дана Бекбауова. Орта-

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі Баймұханова Манарға өкесі **Ғалымның** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс №411 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.** Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

## СЕНІМІМІЗДІ НЫҚТАДЫ

— Президент кезекті Жолдауында ең алдымен бірлік керек екендігін баса айтты. «Аптау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген халқымыз. Кешегі өткен қаңтар оқиғасы туралы алып-қашпа сөздер көп екені белгілі. Оны теріс пайғылды адамдар өздерінің миссияларына қарай бұрып сөйлетіп отырғандары да аян. Қаңтар оқиғасына байланысты басқа ақпарат көздерінен есту бір бөлек те, ел Президентінің өзінен естіп білген бір бөлек екен.

Осы қиын кезеңді ой елегінен өткізе келе Президенттің: «Мен халқым үшін бәрін жасадым, бұл менің президенттік өрі перзенттік борышым», — дөуіпәриоттықтың үлгісі деп есептеймін.

Жаңа Қазақстан құру жолында атқарылуы тиіс жұмыстарды атап көрсеткен Президент: «Халыққа көпірме сөз емес, көзбен көретін, қолмен ұстайтын іс керек», — деп нақты айтты.

Президенттік өкілеттілікті біртіндеп тоқтатып, парламенттік басқаруға көшу туралы айтқан пікірі де ел көңілінен шықты. Бұл — «Жаңа Қазақстан» құру жолындағы игі қадам.

Азаматтық белсенділікті жандандыру, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетті және еркін форматта әрекет етуге мүмкіндік алуы да қуантарлық хабар. БАҚ өкілдерінің ашық та еркін ақпарат таратуына енді даңғыл жол ашылды.

Жолдауда «ұлттық құрылтай» құру туралы ұсыныс айтылды. Халықтың ойын, тілегін, енді құрылмай қоғамдық кеңестер жинап, билікке жеткізетін болса, сол қоғамдық кеңестердің басын біріктіретін осы құрылтай болмақ.

Билік пен халықтың арасын жалғастыру мақсатында құрылатын бұл құрылтай өлем елдері алдында республикамыздың келбетін айдынды өлі айбарлық қылып көрсетуде мәні зор. Себебі халықпен санасып, халықтың үнін естіп отырған мемлекеттің келешегі айқын, алар биік көп.

Жолдауда сонымен бірге еліміздің өкімшілік-аумақтық құрылымдарын қайта қарастыру мәселесі көтерілді. Бұрынғы уақытта бірқатар облыстардың біріктірілгені белгілі. Алайда одан не экономикалық, не рухани пайда болмағаны тағы да белгілі. Қайта оның қолайсыздығы көп болды, облыс орталығы шалғай болуына байланысты халықтың қатынауы қиындық туғызды. Бұл да өз кезегінде елдің наразылығын тудырып отырды.

Президент бұл мәселелерге қатысты да батыл шешімдер шығарды. Семей облысы аумағын Өскеменнен бөлектеп, Абай облысы деп атау, сол сияқты Алматы мен Жетісу облыстарын, Ұлытау облысын құру — өділ шешім, игілікті қадам. Бұл облыстардың орталықтарының атауы — ұлттық сананың көрінісі. Ұлы Абайдың есімін бұдан артық қалай ұлықтауға болады, жер жәннаты — Жетісудың өсем бейнесін бұдан артық қалай суреттеуге болады. Ұлытаудың көрі тарихын бұдан артық қалай танытуға, қастерлеуге болады деген ой өркіміге де келері анық.

«Бізге сырттан келіп ешкім ештеңе істеп бермейді, бәрі өзіміздің қолымызда. Жаңа Қазақстанды бірлесіп құрайық!» — деген Қасым-Жомарт Кемелұлының жүрекжарды қорытынды сөзі әрбір қазақстандықтың көңілінен шығады деп сеніммен айта аламыз.

**Абат ПАНГЕРЕЕВ,**  
Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өкірлік университетінің «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

## «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ҚҰРУҒА БАРЛЫҚ РЕСУРСЫМЫЗ БАР

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ҚҰРУ ТУРАЛЫ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ ДӨЛ ОСЫНДАЙ АТАУМЕН ДЕПУТАТТЫҚ ТОП ҚҰРЫЛҒАН БОЛАТЫН. ТОП ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕРДІ ПАРЛАМЕНТ ҚАБЫРҒАСЫНДА ДЕР УАҚЫТЫНДА КӨТЕРІП, ХАЛЫҚТЫҢ ДА ПРОБЛЕМАЛАРЫН ЖЕДЕЛ ШЕШУГЕ БЕЛ ШЕШЕ АРАЛАСПАҚ, ОСЫҒАН ОРАЙ АТАЛҒАН ТОПТЫҢ МҮШЕСІ МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ НАТАЛЬЯ ДЕМЕНТЬЕВАНЫ СӨЗГЕ ТАРТЫП, ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖАЙЫНДА СҰРАП БІЛГЕН ЕДІК.



— Наталья Григорьевна, Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» құру бастамасы жалпыұлттық идеяға айналу үшін не істеу қажет?

— Президенттің «Жаңа Қазақстан» құру туралы бастамасы жалпыұлттық идеяға айналуы үшін ең алдымен әрбір қазақстандық өзінің сана-сезімін өзгертуге дайын болуы тиіс. Жергілікті атқарушы органның әрбір өкілі, қызметі жоғары шенеунік, қоғамымыздың әрбір қарапайым азаматы еліміздің тағдырына тікелей қатысы бар екенін сезінуі, елін өзгерту қажеттігін түсінуі керек. «Мемлекет маған не береді?» деген сауалдың орнына өр адам өзіне «Мемлекетімнің игілігі үшін мен не істей аламын» деген сұрақты қоюы қажет. Егер біз «Маған келіп кетер ештеңесі жоқ» деген ұстаныммен өмір сүре берсек, онда ештеңе өзгермейді.

— Сіздің ойыңызша, осынау жобаны жүзеге асыру үшін Қазақстанда қандай маңызды алысшарттар бар? Тағы қандай алысшарт жасауымыз керек?

— Сіз бен біз, бәріміз - ел Президенті жүзеге асырып жатқан реформалардың куәсіміз. Өрине, бір күннің ішінде немесе қысқа ғана кезеңде елді өзгерте алмаймыз. Оған барлық саладағы жүйелі өзгерістер қажет. Дегенмен, бізде материалдық тұрғыдан да, зияткерлік тұрғыдан да қажетті барлық ресурс бар. Сонымен қатар жұмыстың ескі өдісіне үйреніп алған жергілікті атқарушы органдардың қызмет көрсету жүйесінде өзгерістер қажет деп санаймын. Тіпті олар өзгерістерді қаламайды да. Сондықтан халық тарапынан наразылық туындап жатады. Биліктің жоғары сатысында отырған да, жергілікті жердегі де шенеуніктердің, барлығының жұмысы ашық өрі өділ болуы тиіс. Дөп осы мәселе халықтың сеніміне не болмаса сенімсіздік танытуына түрткі болады.

— «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының құрамында қандай мәселелермен айналысуға ниет танытып отырсыз?

— «Жаңа Қазақстан» тобы Мәжіліс жұмысының регламентіне сәйкес

құрылды. Топ үш секторға бөлінген. Өр топтың құрамында оған мүше болуға ниет танытқан 9 депутаттан бар. Өр сектордың өз бағыты, жетекшісі бекітілген. Мен қызмет саласына өлеуметтік сала, мәдениет, жастар саясаты мәселелері кіретін үшінші топқа жетекшілік етемін. Соған орай біз осы бағытта жұмыс істейтін боламыз. Бұл бағыттармен қатар Президент тапсырмаларының орындалуын да бақылауда ұстаймыз. Қызметіміздің бағыттарының бірі — наразылық танытушы топтармен жұмыс. Біз оларды тыңдауымыз, сұрақтарын қалғере алуымыз және көтерілген мәселелердің дер уақытында шешілуіне жәрдемдесуіміз қажет.

— «Жаңа Қазақстан» жайында айтқан кезде осы жылдың қаңтарындағы оқиғаларды да естен шығара алмаймыз. Осы орайда, алдағы уақытта мұндай жағдайға жол бермеу үшін не істеу қажет?

— Қаңтар оқиғалары өмірімізді оған дейінгі және кейінгі деп бөліп тастады десек те артық айтқандық емес. Көп жайтты ой елегінен өткізуімізге түрткі де бола білді. Жоғарыда атап өткенімдей, барлығымызға, оның ішінде бұрынғыша жұмыс істеп үйреніп қалған өрі қарапайым халықтың үніне құлақ аса бермейтін билік өкілдеріне сананы өзгертетін кез келді. Бүгінде елімізде проблема жеткілікті. Бірақ, оны шешуге де мүмкіншіліктер мол. Өңірлерге жиі сапарға шығып, халықпен кездесулер барысында біз, депутаттар олардың мәселелерін проблемаларын тыңдаймыз. Ал оларды сол жергілікті атқарушы органдардың денгейінде-ақ шешуге болады. Алайда адамдар шенеуніктерге мұң-зарын жеткізе алмайды. Ашықтық, қолжетімділік және өділдік — міне дөп осылар қарапайым халықтың сенімін қайтарып, нығайта алады. Тек осындай кезде ғана болашақта қаңтар оқиғалары сияқты жайттар қайталанбайды.

— Сұхбатыңызға рақмет!

inform.kz

## ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Өткен жексенбі күні Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі және аудандық орталық мешіттің ұйымдастыруымен футболдан қайырымдылық турнирі өткізілді. Жарыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Өрине, жарыстың мақсаты - мұқтаждың қажетін өтеу. Осы орайда жиналған қаражат Амангүл Сейітбекқызы Жауынбаеваның еміне табысталды. Қайырымды іске атсалысқан барша жаңға Алла разы болсын дегіміз келеді. Келіп жеткен Қасиетті Рамазан айы мүбәрәк болсын! Тұтқан оразаларыңыз қабыл болсын!

## ОБЛЫСТЫҚТЫҚ ТУРНИРДЕН ОЙЛДЫҚ ОҚУШЫЛАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Жуырда Ақтөбе қаласында өткен Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне арналған пневматикалық винтовкадан нысанаға көзден аударған облыстық жалпы білім беретін мектептердің оқушы қыз балалары арасында өткізілген «Мерген Әлия — 2022» әскери патриоттық турнирі өтті.

Ғылымнан да, өнерден де топ жарып жүрген ойылдық оқушылар айтулы турнирге арнайы қатысты. Ауданымыздың атынан шыққан Саға мектеп балабақшасының 8 класс оқушысы Аружан Сағынғалиева, Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің

11 класс оқушысы Балжан Жолболды, Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 10 класс оқушысы Жанель Жапатовна команда бойынша III орынмен оралды. Мергендігі бойынша бақтарын сынаған оқушыларымыздың арасында Аружан Сағынғалиева III орынды жеңіп алды. Турнир соңында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінің директоры Е.Қалтаева медаль, кубокпен марапаттады. Осы тұста оқушыларды мергендікке баулып, жетекшілік етіп жүрген ұстаздарының да еңбегін айта кеткеніміз жөн.

## ҚАЗАҚСТАНДА 340 ЕЛДІ МЕКЕНДІ СУ БАСУ ҚАУПЫ ЖОЙЫЛДЫ

2021-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ ШЕНБЕРІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН 68 ІС-ШАРАНЫҢ 33-І ОРЫНДАЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ҚР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



Баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, аяқталу мерзімі 2022-2023 жылдарға жоспарланған 4 іс-шара мерзімінен бұрын орындалды. Атап айтқанда, 9,4 шақырым өзен арналары қайта құрылып, 22,2 шақырымы тазартылды. 8,2 шақырым қорғаныс бөгеттері салынып, бөгеттердің 8,1 шақырымына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Екі гидротехникалық құрылыс салынды. 4 жергілікті құлақтандыру жүйесі орнатылды. Автомобиль жолының астындағы су өткізу құбыры ауыстырылды. Бұдан басқа, аталған елді мекендерді су тасқынына қарсы қорғау үшін ТЖМ жергілікті атқарушы органдармен іске асырылатын екі негізгі бағдарламалық құжаттар шеңберінде су тасқынына қарсы жұмыстардың орындалуына мониторинг бойынша жұмыс жүргізілуде. Жалпы су тасқынына қарсы іс-шаралар кешенін іске асыру барысында 340 елді мекеннен су басу қаупі жойылды. 385 елді мекенде қауіп азайтылды. Бүгінгі күні су тасқыны қаупі бар 1 010 елді мекеннің 285-і үшін ықтимал қауіп сақталуда. Өткен тәулікте өңірлер аумағында жергілікті атқарушы органдар мен ТЖМ күштері Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында 144 379 м3 еріген қар суын сору жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ Ақмола, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе облыстарында инертті материалдары бар 7 961 қап теселді. Батыс Қазақстан

облысында 250 м2 алпақата өзендерде мұз жесу жұмыстары жүргізілді. Батыс Қазақстан облысында авариялық құтқару жұмыстарына Маңғыстау және Атырау облыстарының ТЖД күштері мен құралдары жеке құрамнан 92 адам, 13 бірлік техника, 2 жүзу құралы және 6 мотопомпа жұмылдырылды. Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысында су басқан 53 тұрғын үйі мен Ақтөбе облысында 57 саяжай үйі бақылауда тұр. Өткен тәулікте Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында 773 адам эвакуацияланды. Олар уақытша эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды. Қайтыс болған және зардап шеккен адамдар туралы ақпарат тіркелген жоқ. «ТЖМ «Қаз-авиақұтқару» АҚ тікұшағымен Жақсыбай ауылынан Орал қаласына 2 жүкті әйел жеткізілді. Өткен тәулікте Батыс Қазақстан облысында 99 тұрғын үйді, Ақтөбе облысында 57 саяжай үйін және 21 аула аумағын су басты», — делінген хабарламада. Ақтөбе облысының республикалық маңызы бар жолдарының 2 учаскесінде, сондай-ақ Ақтөбе, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарының облыстық және жергілікті маңызы бар 14 учаскесінде су тасуда. Осы жұмыстарға ТЖМ, ІІМ, ҰҚК ШҚ, ЖАО 2 229 адам, 489 бірлік техника, 238 су айдау құралы және 27 жүзу құралы жұмылдырылды. Оның ішінде ТЖМ жеке құрамынан 974 адам, 117 бірлік техника, 145 су айдау құралы, 21 жүзу құралы бар.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ БЕКІТІЛДІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТӨРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 22 АҚПАНДАҒЫ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ БЕКІТІЛДІ.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтік әдептік қағидаттары айқындалды — адалдық, өділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану.

Кодекстің жаңа редакциясында «клиентке бағдарланған» мемлекеттік аппараты қалыптастыру және Мемлекеттік қызметтерді қорсетуде ашықтық қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар қарастырылған.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерге төртіптік жаза қолдану қағидалары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді.

Төртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеу-тексеру, төртіптік комиссия материалдарын қарау төртбілі және төртбілі комиссияның ұсынышы бойынша үкілетті адамның шешім қабылдау мерзімдері нақтыланды.

Сонымен бірге, Агенттіктің Әдеп жөніндегі комиссиясына облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана өкілдері орынбасарларының, облыстық маңызы бар қалалардың, облыс аудандары мен қала аудандары өкілдерінің, облыстардың өкімшілік орталықтары болып табылатын қала өкілдерінің, комитеттер төрағаларының, сондай-ақ облыс өкімі аппараты басшыларының қызметіне өділ нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар жасағаны үшін төртіптік жауапкершілігін қарауға өкілеттік берілген.

## МАЛ БАСЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУДЕ ЧИПТЕУ МЕН РАДИОЖИЛІК БИРКАЛАРЫНА КӨШУ КЕРЕК

— Ауыл шаруашылығы мал басын сәйкестендіру үшін чиптеу, радиожилік биркаларына көшу керек. Бұл туралы Мәжілістегі Үкімет сағатында депутат Ерлан Барлыбаев айтты. «Эпизоотиялық салауаттылықтың және мал шаруашылығын дамытуды жоспарлаудың негізгі факторы жануарларды есепке алу болып саналады, ол жануарлардың заңсыз орын ауыстыруын, алып-сатудың көпкеңелі мәмілелерін болдырмайды. Сондықтан мал басын сапалы есепке алуды қамтамасыз ету ветеринарияны цифрландырудың стратегиялық міндеті болып отыр. Мысалы, Маңғыстау облысы бойынша біраз мал басы Ауыл шаруашылығы жануарларының бірыңғай базасына енгізілмеді, соның салдарынан жем-шөптен қамтамасыз етуде баршаға белгілі проблема туындады. Осыған байланысты, Ауыл

шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінің деректер базасында ауыл шаруашылығы жануарлары мен олардың иелері бойынша мәліметтерді өзектілендіру қажет», — деді Е. Барлыбаев. Бұл ретте депутат оларды сәйкестендіру үшін чиптеу, радиожилік биркаларына және басқа заманауи атрибуттарға көшу мәселесін алу және олардың айналымы жөніндегі ақпаратты да қамтуға тиіс. Бұл ретте, республика аумағының интернетпен толық қамтылмауын ескере отырып, тиісті ақпараттық жүйелердің дербес режимде жұмыс істеуін көздеу қажет», — деді ол.

inform.kz

## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШІРЕЛДІ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев ветеринария процесстерін цифрландыру бағытындағы жұмыстарды атады. «Цифрлық трансформация орталығы министрліктен бірлесіп, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ветеринариялық іс-шаралар жүргізу және рұқсат құжаттарын алу сияқты 30 бизнес үдерісті қамтитын үш өмірлік жағдайды талдап, реинженеринг жүргізді. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (АШЖБ) және Басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі (ББЖ) өзгерленген және 10 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Бұл жүйелердегі деректер өрдайым өзекті бола бермейді, жұмыста іркілістер, ал кейбір жағдайларда деректердің қайталануы мен сәйкессіздік фактілері бар», — деді Е. Қарашөкеев Мәжілістегі Үкімет сағатында.

Бұл мәселені шешу үшін Министрлік мынадай жұмыстарды жүргізуде: — АШЖБ мобильді қосымшасын әзірлеу, ол жануардың биркасын сканерлеуге және жүйеге деректерді енгізуге мүмкіндік береді. Мобильді қосымшаның онлайн режимде жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылған; — ветеринариялық препараттарды қолдануды реттеуге жаңа ақпараттық жүйені әзірлеу;

— ветеринариялық іс-шаралар бойынша ветеринариялық есептілікті автоматтандыру; — ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды автоматтандыру. «Ветеринария процесстерін цифрландыру және автоматтандыру статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, ветеринариялық дерігерлерді қағазбастылықтан босатады, экспортқа/импортқа рұқсат беру құжаттарын алу кезінде мерзімдер мен бюрократиялық вуре-сарсаңды қысқартады, бақылаудағы объектілердің орнын ауыстыру мен айналымын бақылауды күшейтеді, сондай-ақ субсидиялар мен жеңілдікті кредиттер алу кезінде сыйбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерді төмендетеді», — деді министр. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ветеринариялық құжаттаманы цифрлық форматқа көшіру жөніндегі бағдарламалық өнім бірінші нұсқада әзірленді және мамыр айынан бастап бір аудандық базасында тестілеу режимінде апробация басталады. Тестілеу нәтижелерін ескере отырып, түпкілікті пысықтаудан кейін бағдарлама бүкіл республика бойынша іс жүзінде қолдану үшін ұсынылатын болады.

inform.kz

## ЖҰҚПАЛЫ ТЕРІ АУРУЛАРЫ



Дерматомикоздар — бұл таз ауруына өкілді оқыратын, теріде саңырауқұлақтық қоздырғыш тудыратын жұқпалы тері ауруы. Аурудың көзі-ауырған адамдар мен жануарлар. Адамдар мен жануарлар тікелей қарым қатынаста жұқтыруы мүмкін. Бұл аурулар микроспория және трихофития түрінде кездеседі (теріні, шашты, тырнақты зақымдайтын саңырауқұлақ инфекциясы). Дерматомикозбен көбіне 14 жасқа дейінгі балалар ауырады.

Терінің және тырнақтың саңырауқұлақ ауруының қоздырғыштары ауру адамнан сау адамға мына жолдар арқылы беріледі:

— Науқастардың (аяқ-киімін, киімдерін, төсектерін, сүлгісін т.б.) заттарын ортақ пайдаланғанда; — Қоздырғышпен ластанған тұрмыс бөлме, жумынатын бөлме, монша, жүзу бассейні, спортзал арқылы; — Дұрыс өңделмеген маникюр, педикюр құралдарын пайдаланғанда;

Алдын алу ережелерді сақтау қажет:

— Иесіз ит-мысықтардан аулақ болу; — Үй жануарларын ветеринарлық дәрігерге уақытылы көрсетіп, қажетті екпелер алу; — Жануарлармен қатынасқаннан кейін қолды сабындап жуыңыздар; — Жеке бас гигиена ережелерін сақтау (моншада жуынатын легендерді дезинфекциялау, отбасының әрбір мүшесінде жеке бас гигиенасына арналған заттардың болуы); — Бассейнде, моншаларда резинке аяқкімдерді пайдалану; — Ешқашан басқа адамның жеке киімін, киімдерін кимеңіз және төсектерін пайдаланбаңыз; — Шаштарыздан шаш қиғаннан кейін басты сабындап жуыңыз; — Егер өзіңізде жоғарыда аталған белгілерді байқасаңыз, дер кезінде тұрғылықты дерматолог дәрігерге көріну қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы